

завершена. В этот момент счет предоплаты закрывается и применяется один из методов признания доходов. Договором купли-продажи может быть предусмотрена обязанность покупателя оплатить товар полностью или частично до момента передачи товара продавцом. В этом случае выручка признается продавцом только после доставки товара покупателю.

1. Согласно концепции МСФО (Framework, пар. 69-73)

2. Шулдякова Г. МСФО 18 «Выручка»// «Бюллетень Бухгалтера» - Международные стандарты финансовой отчетности №7. - А., «БИКО», 2006.

Бұл мақалада қаржылық есептілікте табысты танудың әдістемесі қарастырылған.

The method of the recognition of incomes in the financial statements is considered in this article.

А.Ж. Турлыбекова

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫН ДАМУҒА ҮРДІСІНДЕГІ МЕРЗІМДІ НАРЫҚТЫҢ РӨЛІ, ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ҚЫЗМЕТ ЕТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Инвесторлар өздерінің бос ақшалай қаражаттарын орналастыру барысында қаржы нарығында өтімді қаржылық құралдарының тапшылық мәселесі орын алады. Қаржы нарығында заман талабына сай тиімді қаржы құралдары немесе жаңа қаржы құралдарының түрлері болмаса потенциалды инвесторлардың болмайтыны айдан анық.

Бағалы қағаз нарығында белгілі бір өтімді бағалы қағаздар бар, бірақ бұл аздық етеді. Сол себептен тауар нарығында жаңа қаржы құралдарының өрісін кеңейту мәселесі шешілуде. Нақтырақ айтатын болсақ туынды бағалы қағаздар нарығының құрамдас бөлігі болып табылатын *мерзімді нарық туралы мәселе қозғалмақ.*

Мерзімді нарықтың мәнінен бұрын туынды бағалы қағаздардың мәніне тоқталайық.

Туынды бағалы қағаздың мәнін тар және кең мағынада қарастыруға болады.

Туынды бағалы қағаздың тар мағынасы – дифференциалды табыс алу мақсаты бар, мерзімді келісім шартқа негізделген нарықтық механизм.

Кең мағынасы – нақты актив пен келісім шартқа негізделген, осы активтің бағасы, мөлшері және бағамының айырмашылықтары қолданылатын нарықтың құралдарын білдіреді.

Туынды қаржы құралдары (дериватив) – дегеніміз сатушы мен сатып алушы арасында бүгінгі күні жасалған келісім шарт, бірақ бұл келісім шарт бойынша есеп айырысулар болашақта нақты бір күні жүргізіледі. Базалық активтің құнына байланысты жасалған келісім шарттың құны мерзім ішінде өзгеріп отырады, осындай келісім шарттың мерзімі 10 жылға дейін құрауы мүмкін.

Туынды қаржы құралдарымен сауда саттықты жүргізу үрдісінде туынды қаржы құралдарының құны мен базалық актив құнының ауытқу мүмкіндіктерімен тәуекелді басқарудың ролі жоғары.

Әлемде көптеген ірі компаниялар тәуекелді басқару үшін туынды қаржы құралдарын пайдаланады, яғни хеджирлеу қызметі өзінің міндетін атқарады.

«Бағалы қағаз нарығы» туралы заңға сәйкес *туынды бағалы қағаз* дегеніміз – осы туынды бағалы қағаздардың базалық активке қатынасы бойынша құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз.

Базалық актив – стандартталған тауарлар партиясы, бағалы қағаздар, валюта, қаржы құралдары және сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында айқындалған өзге де көрсеткіштер.

Туынды бағалы қағаздың негізгі ерекшеліктері:

- туынды бағалы қағаз айналысының сыртқы формасы негізгі бағалы қағаздарға ұқсас болып келеді;
- туынды бағалы қағаздардың өмір сүру кезеңі, басқа бағалы қағаздармен салыстырғанда шектеулі;
- туынды бағалы қағаздардың бағасы (номиналдық құны) – базалық активке негізделеді;
- басқа бағалы қағаздармен салыстырғанда минималды инвестиция тартуда пайда алуға мүмкіндік береді.

Туынды бағалы қағаз сипатындағы мерзімді келісім шартпен негізгі бағалы қағаздың айырмашылықтары мына 1-кестеде берілген.

1-кесте

Туынды бағалы қағаз сипатындағы мерзімді келісім шартпен негізгі бағалы қағаздың айырмашылықтары

Белгілері	Бағалы қағаз	Туынды бағалы қағаз сипатындағы мерзімді келісім шарт
Капитал түрі	Нақты капиталдың өкілі. Жалған (фиктивті) капитал. Қозғалатын мүлік, жеке меншік.	Болашақ капиталдың өкілі. Капитал болып табылмайды. Жеке меншік, мүлік болып табылмайды.
Келісім шарт (мәміле) түрі	Эквивалентті емес келісім шарт (мәміле) нысанында эмиссияланады – яғни тікелей келісім шарт және бағалы қағаз түрінде.	Эквивалентті келісім шарт(мәміле) нысанында эмиссияланады – яғни қассалық нарық – ("spot" және "кэш" нарығы) жасалынған мәміле 3-4 күн ішінде тез арада іске асырылады және мерзімді нарық – мәміленің орындалуы әдетте бірнеше айға созылады.
Стандартталған	Заңмен бекітілген реквизиттерінің міндетті түрде болуы.	Толық немесе жартылай
Айналыс нысаны	Талап ету құқығын беру немесе кешіру. Тек қана құқық беру. Активтің өзін беру (бағалы қағаз).	Кері (қарама - қарсы) мәмілені жасау. Келісім шарттың бір тарабының құқықтары мен міндеттерінің басқа біреуге өтуі. Активтің өзін бермей – ақ құқықты беру.
Құқық пен міндеттің тоқтатылу тәртібі	Бағалы қағаз өтелген сәтте, бағалы қағаз бойынша міндет тоқтатылады	Келісім шарттың екі тарабының құқықтары мен міндеттері келісім шарт орындалған жағдайда немесе кері келісім шарт жасалған кезде тоқтатылады.
Дерек көзі: Автормен құрастырылған		

Туынды бағалы қағазды *эмиссиялаудың мақсаты* – кез келген базалық активтердің бағасының ауытқуынан тек пайда табу ғана емес, сонымен қатар бағаның қолайсыз өзгеруіне байланысты қауіп – қатерден сақтандыру (хеджирлеу).

Хеджирлеу – хеджирлеу объектісі бағасының немесе өзге де көрсеткішінің қолайсыз өзгеруі нәтижесінде туындайтын ықтимал залалды өтеу мақсатында жасалатын туынды қаржы құралдарымен операциялар. Бұл ретте хеджирлеу объектісі деп аталған активтер немесе міндеттемелер, сондай-ақ аталған активтерге немесе міндеттемелерге немесе күтілетін мәмілелерге байланысты ақша легі танылады;

Туынды қаржы құралдары кәсіби қатысушыларға арналған, себебі туынды қаржы құралдарының номиналдық құны шамамен 20 000 АҚШ доллардан – 1млн. АҚШ долларға дейін барады. Сонымен бұл нарықтың қатысушыларының 90%-ын ірі компаниялар, яғни институционалды инвесторлар, ал 10%-ын жеке инвесторлар құрап отыр.

Мерзімді нарықтың мәні – бұл мерзімді келісім шарттарды (форвардтық, фьючерстік, опциондық және своп келісім шарттарын) жасаумен байланысты нарықты айтамыз.

Мерзімді нарықтың құралдарына; форвардтық, фьючерстік, опциондық және своп келісім шарттары жатады.

Мерзімді нарықтың құралдарымен сауда саттықты жүргізу артықшылықтары:

- Тәуекелдерді тиімді басқару мүмкіндігі;
- Тәуекелдерді сақтандыру мүмкіндігі;
- Арбитраждық операциялардың жүзеге асуы есебінен пайда табу мүмкіндігі және тб.

Мерзімді нарық – бұл кәсіби немесе институционалдық инвесторларға, яғни ЕДБ, инвестициялық және сақтандыру компанияларына, копоративтік секторларға сондай-ақ жеке инвесторларға арналған. *Бұл нарықтың екі бәсекелес сегменті бар* – биржалық және биржадан тыс мерзімді нарық. Биржалық нарықта туынды қаржы құралдарымен жүргізілетін операциялардың үлесі шамамен 16 %-ды ғана құрап отыр. Қазіргі таңда биржалық нарықта жүргізілетін сауда саттық қарқыны артуда. Бұл туынды қаржы құралдарын стандартизациялау деңгейінің артуымен байланыстыруға болады.

Мерзімді нарық сондай-ақ, құнды реттеп тұрады, ол хедж мүмкіндіктерімен ерекшеленеді. Қатысушылардың көбісі биржаға болашақтағы тәуекелдердің алдын алуға кепілдік алу үшін қатысады. *Жай ғана мысал* келтірсек, көктемде егін еккен фермерге күзге салым егінін сату керек. Әрине ол астықты қандай бағаға сататынын, кеткен шығынды жаба ма әлде жаба алмай ма, егін қандай пайда әкеледі, ол жағын алдын ала білмейді ғой. Сондықтан фермер егінге фьючерс жасап, астық бағасына кепілдік алып, егін шаруашылығымен алаңсыз айналыса береді. Өйткені ол астықты сатып алатын алушы бар екенін, оның қаншаға сатылатынын ертерек нақты білетін болады. Осындай кепілдік сатып алушыға да тиімді. Кәсіпкерге де күзде белгіленген бағада астық сатып алу керек. Осылайша клиенттер мерзімді нарықта тәуекелдің алдын алады.

Клиенттердің көз қарасы бойынша *ұйымдастырылған биржалық нарықта* қаржы құралдарымен сауда саттықты жүргізу айқын, арзан, қауіпсіз, әрі тиімді болып келеді. Биржалық нарықта жүргізілетін сауда саттықтың негізгі артықшылықтары мынада: бақылаудың тиімділігі, тәуекелді басқаруға және азайтуға мүмкіндік береді.

Ұйымдастырылған биржалық нарықта келісімшарт жасауға кең мүмкіндік бар. Биржа спот-нарықта іске асырылып жатқан саудада бағаны әділ белгілейді. Қатысушылардың биржаға иек артуына ықпал ететін тағы бір себеп бар, олар биржада келісім-шарт жасайтын агентке төнетін қауіпті сейілтеді. Ұйымдастырылмаған нарықта қауіп әрқашан бар. Мысалы, жүйеленбеген нарықта клиент тауар қоюдан бас тартуы немесе тауарға ақша төлемей қою жағдайлары жиі кездеседі. Біздің жағдайда биржа орталықтандырылған келісім-шарт жасайтын агентпен тығыз жұмыс жасайды. Екі жақтың бірі келісім шарт талаптарын орындамаған жағдайда биржа кінәлі жаққа айыппұл салып, белгіленген айыппұлды жәбір көрген жақтың есеп шотына аударады. Осылайша, биржа клиентіне келісім-шарт орындалмаған жағдайда төнетін қауіптің алдын алып, шығынды өтеп алуға кепілдік береді.

Биржа – бұқаралық ұйым болғандықтан өзгеге қиянат жасаған қатысушылар туралы ақпарат сайт беттеріне жарияланады, бұл әрекеттің өз кезегінде клиенттің абыройына нұқсан келтіретіні анық. Демек, биржа келісім шарттың орындалуына ықпал етеді, керісінше оның іске аспай қалу тәуекелін сейілтеді.

Қазақстан қор биржасындағы (ұйымдастырылған биржалық нарықта) сауда саттық көлемі 2-кестеде көрсетілген.

2010 жылы KASE - де сауда саттық көлемі нарықтың барлық секторы бойынша 30 427,0 млрд теңгені (эквивалент 206 519,3 млн АҚШ доллары) құрап отыр. 2010 жылы KASE-де сауда саттық көлемі 2009 жылмен салыстырған кезде 33,9 %-ға өсті.

2010 жылы Қазақстан қор биржасында валюталық своп операциясын қоса алғандағы шет ел валюталарымен сауда саттық көлемі 15 748,9 млрд теңгені (эквивалент 106 882,5 млн АҚШ доллары) құрап отыр және 2009 жылмен салыстырған кезде 59,4%-ға өскен.

2010 жылы Қазақстан қор биржасында репо операциялар нарығындағы сауда саттық көлемі 12 695,5 млрд теңгені (эквивалент 86 182,9 млн АҚШ доллары) құрап отыр және 2009 жылмен салыстырған кезде 22,0 % - ға өскен.

2010 жылы Қазақстан қор биржасында мемлекеттік бағалы қағаздармен жасалған сауда саттық көлемі 1 431,4 млрд теңгені (эквивалент 9 715,6 млн АҚШ доллары) құрап отыр және 2009 жылмен салыстырған кезде 1,7 %- ға өскен.

Қазақстан қор биржасындағы сауда саттық көлемі

Биржалық нарық секторы	млрд. теңге					
	2008 жыл		2009 жыл		2010 жыл	
	Көлемі	%	Көлемі	%	Көлемі	%
Шет ел валюталары	16 708,7	52,8	9 879,0	43,5	15 748,9	51,8
– спот-нарық	16 708,1	52,8	7 243,6	31,9	10 966,4	36,0
– своп-нарық	0,6	<0,1	2 635,4	11,6	4 782,5	15,7
Қазақстандық МБҚ	938,4	3,0	1 408,1	6,2	1 431,4	4,7
– алғашқы нарық	465,2	1,5	698,1	3,1	673,0	2,2
– қайталама нарық	473,2	1,5	710,0	3,1	758,4	2,5
Акция	460,3	1,5	637,5	2,8	280,6	0,9
ЖИҚ жарналары	х	х	0,1	<0,1	0	0
Корпоративті қарыздық бағалы қағаздар	439,1	1,4	386,1	1,7	270,6	0,9
Репо операциялары	13 124,7	41,4	10 409,8	45,8	12 695,5	41,7
–МБҚ бойынша "тікелей" репо	173,5	0,5	120,9	0,5	60,7	0,2
– МБҚ бойынша авторепо	10 382,7	32,8	8 919,4	39,3	12 515,7	41,1
– мемлекеттік емес эмиссиондық бағалы қағаздар бойынша "тікелей" репо	849,5	2,7	753,0	3,3	7,6	<0,1
– мемлекеттік емес эмиссиондық бағалы қағаздар бойынша авторепо	1 719,0	5,4	616,6	2,7	111,5	0,4
Мерзімді келісім шарт	0,1	<0,1	0	0	0,003	<0,1
Барлығы сауда саттық көлемі	31 671,2	100,0	22 720,6	100,0	30 427,0	100,0
www.kase.kz						

2010 жылы Қазақстан қор биржасында акциялармен жасалған сауда саттық көлемі 280,6 млрд теңгені (эквивалент 1 902,7 млн АҚШ доллары) құрап отыр және 2009 жылмен салыстырған кезде 56,0 %-ға төмендеген.

Ұйымдастырылмаған биржалық нарықта бағалы қағаздардың айналыс саласы, онда бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында белгіленген талаптар сақталмай жүзеге асырылады.

Мерзімді нарық – Қазақстандағы жаңа бағыттардың бірі болғандықтан қадағалаушылар мен қатысушыларға жаңа құралдарды танып-білуге, инвестициялық басымдықтар мен кемшіліктерді, келісімшарт негізін толық түсінуге уақыт керек.

Биржаның қызметін дамыту жоспарына сәйкес мерзімді нарықтың құралдарын кеңейтумен байланысты іс шаралар атқарылуда, осы жоспар төңірегінде металл, мұнай өнімдері, цемент пен көмір, яғни, тауарға есеп айырысатын келісімшарт қарастырылған. Түрлі қауіпті алдын алатын, инвесторлардың талабын қанағаттандыратын, қызықтыратын түрлі құралдарды ұсынуда.

1. Ермекбаева Б.Ж., Турлыбекова А.Ж. «Бағалы қағаздар нарығы» оқу құралы. – Алматы, Қазак Университеті, – 2009

2. «Бағалы қағаздар рыногы» туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі N 461-ІІ Заңы

3. «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы» туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 маусымдағы N145 Заңы

4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі www.afn.kz

5. Казахстанская фондовая биржа www.kase.kz

В данной статье рассмотрено направление развития рынка ценных бумаг в Казахстане. При изучении развития рынка ценных бумаг основное внимание уделяется срочным рынкам ценных бумаг, связи и различию между срочным рынком ценных бумаг и производным рынком ценных бумаг; рассмотрены виды срочного рынка ценных бумаг и различие между ними.

In this article ways of improving securities market in Kazakhstan, the role of urgent securities market at the process of developing the whole securities market, communication and differences between urgent securities market and derivative securities market, types and features of urgent securities market are considered. Also the analysis to kinds of the securities which have arrived on sale is carried out.

А.С. Досумова

ҚАЗАҚСТАНДА ДАҒДАРЫСТАН КЕЙІНГІ ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ САЯСАТЫНЫҢ РӨЛІ

Кез келген қоғамда мемлекет қаржыны өзінің функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін, белгілі бір мақсаттарға жету үшін пайдаланады. Қойылған мақсаттарды іске асыруда қаржы саясаты маңызды рөл атқарады. Оны жасап, жүзеге асыру үдерісінде қоғам алдында тұрған міндеттерді орындаудың шарттары қамтамасыз етіледі; ол экономикалық мүдделерге ықпал жасаудың белгілі бір құралы болып табылады.

Елдің қаржы заңнамасының негізінде қаржы ресурстарын жұмылдыру, бөлу және пайдалану жөніндегі мемлекеттің іс-шаралары қаржы саясаты деп аталады. Ол мемлекеттің экономикалық саясатының құрамды бөлігі болып табылады. Қаржыны басқарудың бүкіл жүйесі мемлекеттің қаржы саясатына негізделеді.

Қаржы саясаты қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі міндеттерді шешу үшін қаржыны пайдалану жөніндегі мемлекеттің нысаналы қызметі, қаржыны басқарудың түпкілікті мақсаты, оның нақтылы нәтижесі болып табылады [2].

Қаржы саясатының бағыттары елдің экономикалық жай-күйіне, шешілетін әлеуметтік-экономикалық және өзге міндеттерге байланысты болады. Экономиканың дағдарысты жағдайы, бір жағынан, өндірістің құлдырауының тоқтатылуына және өндірісті ынталандыруға (мысалы, өндірушілерге жекелеген салық жеңілдіктері түрінде), қаржы ресурстарын экономиканың белгілі бір салаларына тиімді жұмсау мақсатында оларды жұмылдыруға, ал, басқа жағынан әлеуметтік бағдарламаларды тежеуге, қорғанысқа жұмсалатын шығыстарды қысқартуға және т.с.с. бағытталған қаржы саясатын алдын ала анықтайды. Тиісінше, экономика басқа жай-күйге ауысқанда қаржы саясатының бағыттары да өзгеріп отырады.

Таңдап алынған қаржы саясатының дұрыстығы, сөзсіз, елде қалыптасып отырған экономикалық жағдайды сыни бағалауға, экономикалық теорияның “алтын ережесін” сақтауға – болжамдар мен ұсыныстарды әзірлеу кезінде экономикалық жағдайды объективті бағалауға байланысты болады. Оның үстіне бұл аса маңызды, өйткені дамудың жалпы үрдісі қаржы жүйесі арқылы, атап айтқанда, әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі бағдарламаларға, табыстардың орташа деңгейін қолдауға, денсаулық сақтауға, т.с.с. жұмсалатын мемлекеттің басым шығыстары арқылы ұлттық экономиканы реттеуде мемлекеттің жоғары рөлі болып табылады.

Қаржы саясатын жасау үдерісінде елдің алдына қойылған міндеттердің орындалуы үшін материалдық жағдайлар қамтамасыз етіледі. Тап сондықтан қаржы саясаты экономика мен әлеуметтік сфераға ықпал жасаудың белсенді тетігі болып табылады. Демек, қаржы саясаты қаржы ресурстарын іздестірудің, шоғырландырудың және жинақтаудың және экономикалық саясатпен жасалынатын дамудың бағыттары бойынша оларды бөлудің міндеттерін шешеді.

Мемлекеттің қаржы саясаты қаржы стратегиясы мен қаржы тактикасын кіріктіреді.

Қаржы стратегиясы экономикалық және әлеуметтік стратегиямен анықталып, перспективаға есептелген және ірі ауқымды міндеттерді шешуді қарастыратын қаржы саясатының ұзақ мерзімді курсы. Ол макроэкономикалық үдерістер дамуының ұзақ кезеңіне бағытталған, ал оның шеңберіндегі күнделікті міндеттер басты стратегиялық мақсатқа жетудің кезеңдері ретінде жүзеге асырылып отырады. Сөйтіп, қаржы саясатының мазмұны экономикалық жүйеде қаржыны пайдаланудың стратегиялық бағыттылығымен үнемі анықталып отырады.